

«Бекітілді»  
Атырау қаласы «№5 «Аққу»  
бөбекжай – бақшасы» КМҚК меңгерушісінің у.м.а:  
 Бағытжанова.Б.С.  
№1 педагогикалық кеңестің шешімімен 31.08.2021ж.

Мектепке дейінгі ұйымда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың  
үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша  
жылдық перспективалық жоспары  
Мектепалды даярлық №2 «Балдәурен» тобы (5 жастан бастап)  
Тәрбиеші: Кереева Г.А.

2021-2022 оқу жылы

«Бекітілді»

№5 «Аққу» бөбекжай-бақшасы»

Менгерушісінің У.М.а:  
  
Бағытжанова Б.С.

**2021-2022 оқу жылына арналған мектепалды даярлық  
№2 «Бағдәурен» тобының өтпелі тақырыптары**

№	Айлар	Тақырыптар	Аптағылық тақырыптары
1	Қыркүйек	«Бағлабақша»	1.«Білім күні-біз болашақ оқушылармыз» 2.«Отбасы және оның құндылықтары» (отбасы мүшелері, аты-жөндері, жұмыс орындары, мекен-жайы) 3.«Ересектердің еңбегі» (менгеруші, есепші, шаруашылық жөніндегі орынбасары, аула, сыпырушы) 4.«Ойыншықтар»
2	Қазан	«Қош келдің, алтын күз!»	1.«Ас атасы-нан» 2.«Дұрыс тамактанайық» (дәрумендер: көкөністер, жеміс-жидектер) 3.«Менің қалама күз келді» 4.«Ағаштар мен бұталар»
3	Қараша	«Тірі және өлі табиғат»	1.«Құстар біздің досымыз» (үйрек, қаз, құркетауық, тауық, қарға, сауысқан, торғай, көгершін) 2.«Ферма» (үй жануарлары: қой, сиыр, түйе, жылқы, шошқа, үй қояны, есек) 3.«Жер планетасы» (таулар, су, ауа т.б) 4.«Жабайы жануарлар әлемі»
4	Желтоқсан	«Жайнай бер, Қазақстаным!»	1.«Туған өлкеге саяхат Қазақстанның байлықтары» 2.«Менің Қазақстаным!» 3.«Қазақстанның қызыл кітабы» (құстар, аңдар, өсімдіктер) 4.«Жайнай бер Қазақстаным!»
5	Қаңтар	«Мен және қоршаған орта»	1.«Алақай қыс келді!» 2.«Қыс қызығы», (Қар: пайдасы және зияны) 3.«Қыстайтын құстар» 4.«Аңдардың қысқы тіршілігі»
6	Ақпан	«Бізді қоршаған әлем»	1.«Көліктер», ЖЖЕ біл және сақта! 2.«Техника және біз» 3.«Мамандықтың бәрі жақсы, мамандықтың бәрі қажет» 4.«Бізді қоршаған әлем»
7	Наурыз	«Жер-Ана!»	1.«Көктем жаршы-құстар» 2.«Салт-дәстүрлері және фольклор» 3.«Көктемгі ағаштар» 4.«Көктемгі егістік»
8	Сәуір	«Ғажайыптар әлемінде»	1.«Ғажайыптар әлемінде» 2.«Ғарышқа саяхат» 3.«Табиғаттың гүлденуі», «Көктемгі гүлдер» 4.«Бір шаңырақ астында»
9	Мамыр	«Әрқашан күн сөнбесін!»	1.«Бейбітшілік қорғанында» 2.«Жәндіктер» (ара, инелік, маса, шегіртке) 3.«Біз мектепке барамыз» 4.«Жазда келді көңілді!»

**Қыркүйек айының І-аптасы Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырыбы: «Білім күні – біз болашақ оқушылармыз»**

**Мақсаты:**Балаларға балабақша,мектеп туралы түсініктерін кеңейте отырып,балаларға білім туралы мағұлымат беру.І-қыркүйек күні – білімкүні жайында түсінік беру. Өзінің балабақшаға деген сүйіспеншілігіне тәрбиелеу.

Қыркүйек Өтпелі тақырып:«Балабақша»	«Денсаулық» -3 Дене шынықтыру (2.5) Қауіпсіз мінез-құлық негіздері(0,5)	«Қатынас» -5 Сөйлеуді дамыту(1) Көркем әдебиет(1) Сауат ашу негіздері(2) Орыс тілі (1)	«Таным»-2,5 Математика негіздері(1) Құрастыру (0.5) Жаратылыстану(1)	«Шығармашылық» - 5 Сурет салу(1) Жапсыру(1) Музыка (2)	Мүсіндеу(1)	«Әлеумет»-1,5 Өзін- өзі тану(1) Қоршаған ортамен танысу (0.5)
	<p>Дене шынықтыру Тізені сәл бүгіп, баяу қарқынмен жүгіру. Шығыршықтан шығыршыққа екі аяқпен секіру, көлбеу қойылған тақтай үстімен еңбектеп жүру. Қ/О «Қасқыр қақпан»</p> <p>Дене шынықтыру Аяқты айқастыра адымда жүру. Екі аяқты созып отырып және жатып бір – біріне оң, сол қолымен домалату.Қ/О: «Допты жалғастыр»</p> <p>Дене шынықтыру Бөрене үстінде текшелерді атап жүру. Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу. «Орныңды тап»</p>	<p><u>Сөйлеуді дамыту.</u> <b>Тақырыбы: Білім еліне саяхат.</b> <b>Мақсаты:</b> Баланы өзінің жеке өмірінен әңгіме құрастыруға үйрету. Сөздікпен жұмыс жасау: мағынасы жуық (синоним) сөздерді қолдана білуге үйрету. Етістіктің өткен шақ, келер және осы шақтарын қолданып сөйлеуді қалыптастыру. Ойлау қабілеттерін дамыту. (Алматы кітап, 2015. 22 бет.) <b>Сауат ашу негіздері.</b> <b>Тақырыбы: Дыбыс</b> <b>Мақсаты:</b> Дыбыс туралы түсінік беру. Балалардың дыбыстарды айтуын қадағалап, дыбыстарды ажырата білуге, жазу кезінде дұрыс отыруға, дәптер, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. <b>Сауат ашу негіздері.</b> <b>Тақырыбы: Дыбыс және әріп туралы түсініктерін нысықтау.</b> <b>Мақсаты:</b>Дыбыс пен сөзді қайталау, қысқа ұзын таяқшаларды жазу арқылы саусак бұлшық еттерін дамыту.Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. <u>Көркем әдебиет</u> <b>Тақырыбы:Білімің – бұлағың (өлең) Ақылбек Шаяхметов</b> <b>Мақсаты:</b>Балабақшаға, мектепке барған балалардың құанышты сәттерін әңгімелеу, «Білімің – бұлағың» өлеңді оқып, мағынасын түсіндіру. Барлық адамдардың – ақын да, ғалым да, балабақшадан, мектептен білім алатыны туралы балаларға айтып беру. Өлең арқылы ақылды, білімді болып өсуге тәрбиелеу. <b>Орыс тілі.</b> <b>Тема: «Детский сад «День знаний-мы будущее Ученики»</b> Цель: Расширять представление детей об учебной деятельности, о значении школы в жизни человека; мотивировать желание к обучению, получению новых знаний, познакомить с понятием «учебные принадлежности», учить произносить на русском языке название учебных принадлежностей ; развивать умения использовать знакомые слова на русском и казахском языках в ОУД, в играх, в течение дня.</p>	<p>Математика негіздері. <b>Тақырыбы:Жиын. Бір – көп. Заттарды ортақ қасиетіне қарай топтарға біріктіру.</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды заттар тобының ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрет, бір жеке затты тауып көрсету, бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру, «бір», «көп» терминдерін енгізу. <u>Жаратылыстану.</u> <b>Тақырыбы: Бізді не қоршап тұр?</b> <b>Мақсаты:</b>Тірі және өлі табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, тірі және өлі табиғат нысандарын ажырата білу, табиғат нысандарына тән сипат бойынша топқа бөле білу.Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу. <u>Құрастыру</u> <b>Тақырыбы: Автобус</b> <b>Мақсаты:</b>Автобус құрастыруға арналған құрылыс материалдарының аттарын атау:кірпіштер, төртбұрыш, дөңгелек, пластина. Пішініне, көлеміне қарай құрылыс материалдарын дұрыс орналастыру арқылы автобус құрастыра білуге үйрету.</p>	<p>Музыка <b>Тыңдау:</b> «Жас дәуірдің түлегіміз» (И Нүсіпбаев) <b>Ән айту:</b> «Біз бақытты баламыз» (Е. Хасанғалиев, Қайрат Жұмағалиев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Полька» биі <b>Мүсіндеу.</b> <b>Тақырыбы: Сиқырлы ермексаз</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларды пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге үйрету. <u>Жапсыру.</u> <b>Тақырыбы: Сиқырлы жолақша</b> <b>Мақсаты:</b>Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақша етіп қиып алу. Екіге бүктелген қағаздан елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасауды, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту. <u>Сурет салу.</u> <b>Тақырыбы:Сиқырлы қылқалам(Шикүла және К 12 бет)</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларға қылқаламды дұрыс пайдалануды үйрету, таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қолдың ұсақ қимылдарын дамыту. <b>Музыка</b> <b>Тыңдау:</b> «Жас дәуірдің түлегіміз» (И Нүсіпбаев) <b>Ән айту:</b> «Біз бақытты баламыз» (Е. Хасанғалиев, Қайрат Жұмағалиев) Музыкалық ырғақты қимыл: «Полька» биі</p>	<p>Өзін -өзі тану. <b>Тақырыбы: «Өзін-өзі тану» әлеміне саяхат</b> <b>Мақсаты:</b>«Өзі н-өзі тану» пәні туралы түсінік беру. Өзін –өзі тану туралы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызуғушылықт а-рын арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.</p>	

**Өтпелі тақырып: «Балабақша» II-апта тақырыбы: «Отбасы және құндылықтары»**

**Мақсаты:** Отбасы туралы түсініктерін кеңейте отырып, өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіруінетін, үй тәрбиесін орындау, өздерінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне айта білуге, отбасы мүшелерінің аты-жөнін туыстық байланыстарын әңгімелей білуге тәрбиелеу.

**Өтпелі тақырып: «Балабақша»**

	<p><b>II-апта. «Отбасы және құндылықтары»</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Тура, теріс тұрып (кері) адымдап, қол ұстасып жүру, жүгіру. Арқан үстімен қолға затұстап тепе – теңдік сақта жүру. Орнынан ұзындыққа секіру. К/О: «Түлкілер мен тауықтар»</p> <p><b>Денешынықтыру</b> Бөрене үстінен аяқтың ұшымен, қолды жанына ұстап 360 - қа бұрылу. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алу. К/О: «Күн мен түн»</p> <p><b>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Гигиена – біздің көмекшіміз. Неліктен қолды жуып, ауызды шайып, тісті тазалау керек? <b>Мақсаты:</b> Балаларды «гигиена» ұғымымен таныстыру. мәдени – гигиеналық дағдыларын жетілдіру, салауатты өмір салтын ұстану туралы түсініктерін дамыту. Өз денсаулығына құндылық ретінде қарауға, өзге адамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сөз <b>Мақсаты:</b> Балалардың сөйлем, сөз туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтып, сөйлемді дұрыс құрауды үйрету. Сөздік қорларын молайту. <b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сөз <b>Мақсаты:</b> Балаларға сөз туралы түсініктерін қалыптастыру, өз ойын дұрыс жеткізуге жаттықтыру. Жазу кезінде дұрыс отыруға, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. <u><b>Сөйлеуді дамыту</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Менің отбасым <b>Мақсаты:</b> Отбасы және отбасы мүшелері жайлы түсініктерін қалыптастыру. Отбасы мүшелері және отбасындағы сыйластық туралы әңгімелету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Әке мен бала (әңгімесі) <b>Ы.Алтынсарин</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың отбасы мүшелерін және өзін сыйлау сезімін, ұғындыру. Табиғат сыйлары туралы түсінікті бекіту. Бау – бақ жұмыстарымен таныстыру. Еңбек етуге, өсімдіктерді күруге деген ынта – ықыласты, еңбек сүйіштікке тәрбиелеу. Өзіне-өзі қызымет ету машықтарын дамыту. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Семья и ее ценности» <b>Цель:</b> Уточнить и обобщить знания детей о семье. Учить составлять короткий рассказ о своей семье по вопросам воспитателя. Развивать мышление, связную речь детей. Воспитывать любовь, уважение и доброе отношение к членам своей семьи.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Қай жерде тұр? Кеністікте бағдарлау» <b>Мақсаты:</b> «Қай жерде тұр?» сұрағына дұрыс жауап бере отырып сөйлемде математикалық терминді қолдануларын қалыптастыру. (жоғары-төмен, сол жақта-оң жақта, үстінде-астында) Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту. <u><b>Жаратылыстану</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Табиғатта қандай өзгерістер болады? <b>Мақсаты:</b> Балаларды табиғатта болатын күздің алғашқы өзгерістерін байқауға үйрету. Табиғат өте нәзік және ол біздің қамқорлығымыз бен қорғауымызға зәру деген түсінік беру.</p>	<p><b>Музыка</b> Тыңдау «Бесік жыры» Қ. Өрісбаев Ән үйрену: «Бесік жыры» И. Нүсіпбаев Музыкалық-ырғақ қимылдары: «Вальс» Шуберт Аспапта ойнау: «Сәулем-ай» Қазақ халық әні <u><b>Мүсіндеу</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Саңырауқұлақ <b>Мақсаты:</b> Ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету. Қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Ықыластықпен пен мұқияттылыққа тәрбиелеу. <u><b>Сурет салу</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Алашаны әшекейлеу <b>Мақсаты:</b> (Түрлі түсті қарындаштармен) Сәндік – қолданбалы өнермен таныстыру, алашаны ою – өрнектермен әшекейлеуді үйретуші ғармашылығын, қиялын дамыту, жанұя мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу. <u><b>Жансыру</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Кемпіркосақ <b>Мақсаты:</b> Доғал сызық бойымен қиюды үйрету, бірнеше түрлі түсті бөліктерді жапсыруға үйрету. Пішіндерді дұрыс орналастыруға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Музыка</b> Тыңдау «Бесік жыры» Қ. Өрісбаев Ән үйрену: «Бесік жыры» И. Нүсіпбаев Музыкалық-ырғақ қимылдары: «Вальс» Шуберт Аспапта ойнау: «Сәулем-ай» Қазақ халық әні</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы:</b> Отбасындағы қуаныш. <b>Мақсаты:</b> «Бақыт», «қуаныш», құндылықтары-ның мәнін түсіндіру. Отбасында үйлесімді қарым – қатынас жасауға үйрету, отбасы мүшелеріне қамқорлық, жанашыр сезімдерін дамыту, отбасындағы өзара сыйластыққа тәрбиелеу <u><b>Коршаған ортамен танысу</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Үйдегі және балабақшада-ғы қауіпсіздік. <b>Мақсаты:</b> Балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік ерекшеліктерін түсіндіру. Балабақшада, үйде, көшеде қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту. Өмір қауіпсіздігі ережелерін сақтауға тәрбиелеу, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.</p>
--	---	---	---	--	--	--

**Өтпелі тақырып: «Балабақша» III-апта тақырыбы: «Ересектердің еңбегі»**

**Мақсаты:** Ересектердің еңбегімен таныстыру. Суреттер арқылы ересектердің еңбектерін айту. Олардың атқаратын қызметтері, келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Ш-апта. «Ересектердің еңбегі»	<p><b>Дене шынықтыру</b> Бір – бірінің артынан адымдап, аласа заттардан аттап жүгірі. Гимнастикалық орындық үстінен аяқтың ұшымен жүру. Қ/О: «Соқыр теке»</p> <p><b>Денешынықтыру</b> Екі аяқпен 5-6 заттардың үстінен 15-20 см секіру. Бір тізбек жасап келе жатып, екі тізбек жаса жүру. Қ/О: «Тақия тастамақ»</p> <p><b>Денешынықтыру</b> Қол ұстасып гимнастикалық орындық үстімен жүріп өту. Қимылсыз және тең селіп тұрған секіртпе арқылы еркін секіру. Қ/О: «Допты лақтыр»</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстар. «А» дыбысы және әрпі. <b>Мақсаты:</b> Балаларға дыбыс туралы, олардың кейде жуан, жіңішке айтылатыны туралы түсінік беру. Ойын элементтерін пайдаланып, есту қабілеттерін, жаттығулар жасату арқылы саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сөздер мен дыбыстар. «А» дыбысы және әрпі <b>Мақсаты:</b> Балаға дыбыс туралы түсініктерін қалыптастыру, «А» дыбысы және әрпімен таныстыру, дұрыс дыбыстату, буындарды оқу дағдысын дамыту. Қысқа және ұзын таяқшаларды жазу арқылы саусақ ұшы бұлшықетін, ойлау, есте, сақтау қабілетін дамыту. Зейінді болуға тәрбиелеу.</p> <p><u><b>Сөйлеуді дамыту</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Күз бояуы <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша күз мезгілін сипаттап айтуды, сұрақтарға жауап беруге үйрету. Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу, белсенді сөздік қорын дамыту, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру.</p> <p><u><b>Көркем әдебиет</b></u> <b>Тақырыбы:</b> «Кішкентай бағбан» (әңгіме) Мәдіхат Төрежанов <b>Мақсаты:</b> Өз ойынан әңгіме құрастырып айтуға үйрету. Балалардың ойлау, қиялдау қабілеттерін, тілін, зейінін дамыту. Шығармашылық дағдыларын дамыту. Бағбан туралы түсінік бере отырып, бақтағы жұмыспен таныстыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Труд взрослых» Цель: Формирование знаний у детей о работе сотрудников детского сада, о трудовых процессах, выполняемых каждым из них, орудиях труда. Развивать интерес к окружающему. Воспитывать уважение к труду взрослых.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> <b>Геометриялық фигуралар: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш., сопақша, тіктөртбұрыш.</b> <b>Мақсаты:</b> Геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету. кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Сұраққа толық жауап беруге тәрбиелеу. <u><b>Жаратылыстану</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? <b>Мақсаты:</b> Табиғатта болатын күздің алғашқы өзгерістерін байқауға үйрету. Танымдық қызығушылық пен табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу. <u><b>Құрастыру</b></u> <b>Тақырыбы:</b> Күзгі кілем <b>Мақсаты:</b> Табиғи материалдардан кілемді безендіру, ойлануға шығармашылық-пен әрекет етуге баулу. Құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p><b>Музыка</b> Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» (Ә. Бейсеуов, Сабырхан Асанов) Дауыс жаттығуы: До – ре – ми Ән айту: «Етікші» (Қ. Мырза Әлі, Д. Ботбаев) Ырғақты би: «Көңілді би» Аспапта ойнау: «Біз өмірдің гүліміз» <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы: Себет</b> <b>Мақсаты:</b> Себетті мүсіндеуді үйрету. Қолдың қимыл-қозғалысын, мүсіндеудің таныс амалдарын қолдануды дамыту. Ермексаздың қажет түстерін іріктеу, мөлшерін бірдей қылып немесе үш бөлікке бөлу іскерліктерін дағдыландыру. Шыншылдыққа және тапсырманы орындауға тәрбиелеу. <u><b>Сурет салу</b></u> <b>Тақырыбы: Терек бұтақтары</b> <b>Мақсаты:</b> (Түрлі түсті қарындаштармен) Саусақ қимылын жаттықтыра отырып, өз еркімен ағаштың бұтағының суретін салуға баулу, шығармашылығын, қиялын дамыту, жанұя мүшелерін сыйлауға тәрбиелеу. <u><b>Жапсыру</b></u> <b>Тақырыбы: Күзгі жапырақтар</b> <b>Мақсаты:</b> Шеңбер, сопақша, сүйір үшбұрышты жапырақтар бейнесін киноды үйрету. бетшеге орналастырып жапсыру, қол қимылын дамыту. <b>Музыка</b> Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» (Ә. Бейсеуов, Сабырхан Асанов) Дауыс жаттығуы: До – ре – ми</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Мен қандай баламын?» <b>Мақсаты:</b> Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру. Қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру. Өзін-өзі тануға деген қызығушылық -тарын арттыру, өзара жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.</p>

**Өтпелі тақырып: «Балабақша» IV-апта тақырыбы: «Ойыншықтар»**

**Мақсаты:** Балаларға ойыншықтар адам өмірінде маңызын түсіндіру, атауларын білу дағдыларын арттыру, ойыншықты қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

IV-апта «Ойыншықтар»	<p><b>Дене шынықтыру</b> Жұптасып жүру, тізбек жасап тұру, нұсқаушыға қарап түзелу. Бір – бірінеекі қолымен допты домалату. Бадминтон қалақшасына қойылған допты түсірмей мәреге жеткізу. Қ/О: «Қаздар мен түлкілер»</p> <p><b>Денешынықтыру</b> Гимнастикалық орындық үстінде екі қырынан ұстап тартылу. Допты еркін лақтыру, қағып алу. Қ/О. «Орамал қайда»</p> <p><b>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің күн тәртібім <b>Мақсаты:</b> Балаларды «күн тәртібі» ұғымымен, гигиеналық талаптармен таныстыру. Салауатты өмір салтын сақтау, күн тәртібін, өзінің және айналасындағы адамдардың денсаулығын күту, қажеттігі туралы түсініктерін дамыту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстар. «Т» дыбысы мен әрпі. <b>Мақсаты:</b> Балаларға артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> Сөздер мен дыбыстар. «Т» дыбысы мен әрпі. <b>Мақсаты:</b> «Т» дыбысы және әрпімен таныстыру, дұрыс дыбыстату, буындарды оқу дағдысын дамыту. Ұзын және қысқа сөз екенін түсіндіру, «т» дыбысын сөздер арасынан тапқызу арқылы ойлау қабілетін, саусақ бұлшықетін дамыту. <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ойыншығым <b>Мақсаты:</b> Ойыншықтардың суретіне қарап әңгіме құрастыру, «д», «т» дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету, тілдерін дамыту, сөздік қорын молайту. <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің ойыншықтарым. <b>Мұзафар Әлімбаев (өлеңі)</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға өлеңді зейін қойып тыңдауға, мәтін мен өлеңнің сөзін ажырата білуді үйрету. Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Өлең жолдарын мәнерлеп айта білуге тәрбиелеу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Игрушки» Цель: Учить детей называть игрушки на русском языке, вызвать желание больше узнать о них. Довести до сведения, что игрушки могут быть разными, их изготавливают из разных материалов.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «1 саны және цифры» <b>Мақсаты:</b> 1 саны және цифрымен таныстыру. Бір затты анықтай алуға үйрету, заттарды белгілерін тауып, оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыру. Тиянақтылыққа тәрбиелеу <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Ойыншық-тар неден жасалады? <b>Мақсаты:</b> Ойыншықтар адам өмірінде маңызын түсіндіру, атауларын білу дағдыларын арттыру, ойыншықты қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	<p><b>Музыка</b> Күй тыңдау: «Саржайлау» Тәттімбет Ән айту: «Күз-жомарт» Д.Ботбаев Би: «Шабандоздар» «Күзгі жапырақтар» муз.»Токката» <b>Мусиндеу</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ойыншығым <b>Мақсаты:</b> Мүсіндеудің әр түрлі әдіс-тәсілдеріне машықтандыру. Ойыншықтың бейнесін мүсіндей білуді үйрету. Мүсіндеу арқылы қол-қимыл қозғалыстарын дамыту. Бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. <b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b> Тостаған <b>Мақсаты:</b> Майлы бояуды пайдаланып, затқа қарап сурет салуға үйрету, қызығушылықты, ептілікті дамыту. <b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті ойыншығым. <b>Мақсаты:</b> Өз ойыншықтары туралы әңгімелету, киюдың түрлі тәсілдерін меңгерту ұқыпты жұмыс жасауға, саусақ қимылдарын жетілдіру <b>Музыка</b> Күй тыңдау: «Саржайлау» Тәттімбет Ән айту: «Күз-жомарт» Д.Ботбаев Би: «Шабандоздар» «Күзгі жапырақтар» муз.»Токката» Поль Мориа</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің сүйікті балабақшам <b>Мақсаты:</b> Құрмет пен сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Балабақшадағы сыйластық туралы түсініктерін кеңейту, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын дамыту, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.  <b>Қоршаған ортамен танысу</b> <b>Тақырыбы:</b> Барлық мамандық қажет, барлық мамандық маңызды. <b>Мақсаты:</b> Мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру. Өз ата – анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>

**Қазан айы Өтпелі тақырып: «Қош келдің алтын күз!» I-апта тақырыбы: Ас атасы - нан**

**Мақсаты:** Балаларды өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Адамдар үшін жемістер мен көкөністердің маңызы туралы түсінік беру. Жапырақтардың түсінің өзгеруі, жемістердің пісуі туралы және ой-өрісін дамыта отырып, есте сақтау мен тілін дамыту. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру. Өсімдіктерді күтіп-баптауға және табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Адамдардың күзгі еңбегі туралы түсінік беру.

Қазан айы Өтпелі тақырып: «Қош келдің алтын күз!»	I-апта «Ас атасы – нан»	<p><b>Дене шынықтыру</b> Екі – екіден қол ұстасып, бірінің артынан бірі «жылан» жүрісімен жүру. Гимнастикалық орындық үстінде қолды желкеге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Қ/О: «Қиярлар»</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> Шалқадан жатып, аяқты айқастырып алға жылжу. Жалаушалар арасымен еңбектеу, белгі бойынша жүру, жүгірумен алмастыру. Қ/О: «Қояндар»</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> Бір – біріне қарама – қарсы тұрып, екі қолмен желке тұсынан допты лақтыру. Қол ұстасып гимнастикалық орындық үстінен жүру. Қ/О: «Өзіңе жұп тап»</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b>Буын және екпін. «У» дыбысы мен әрпі. <b>Мақсаты:</b>Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және жеке айту Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. <b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b>«У» дыбысы мен әрпі. <b>Мақсаты:</b>«У» дыбысы мен әрпін білу, дұрыс айту, есту арқылы сөз арасынан дыбысты табу. Жазба тапсырманы орындау арқылы қолдың ұсақ кимылдарын дамыту. «У, у» әрпін баспа түрде жазуға жаттықтыру. <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b>Нан қайдан келеді? <b>Мақсаты:</b>Балаларға көрнекі құралдарды пайдалана отырып, ертегінің мазмұнын түсіндіру. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру. Нанды қастерлеп, адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b>Алтын астық (өленді жаттау) <b>Қосжан Мүсірепов</b> <b>Мақсаты:</b>Өленнің мазмұнын ашу, өленді дауыс ырғағын келтіре оқи отырып, әр шумағын қайталау арқылы жаттату, піскен астықты ору, жинау науқаны туралы балаларға айтып жеткізу, еңбекке деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Из чего получается хлеб» <b>Цель:</b> Формировать представление детей о том, как выращивается зерно, из чего пекут хлеб. Познакомить с такими профессиями как: механизатор, комбайнёр, пекарь. Воспитывать бережное отношение к хлебу</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b>«2саны мен цифры». <b>Мақсаты:</b> Заттар жұбытуралы түсінік беру;заттарды жұптастыру,оларға сипатама беруді үйрету. 2цифрымен таныстыру және жазуды үйрету.Сан және цифр терминдерін ажырата білуге үйрету. <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> Нан қайдан келеді? <b>Мақсаты:</b> Балалардың нан өсіру жайлы білімдерін жетілдіру. Ізденістік-танымдық жұмыстарға деген талпынысын күшейту. Нанды қастерлеуге, оны өсіріп, өндіруге атсалысатын адамдардың еңбегіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу. <b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b>Алтын масақ <b>Мақсаты:</b>Алтын масақ бейнелеуді үйрету.Ұсақ қол моторикасын дамыту. Қажетті құрал жабдықпен жұмыс істеудің іскерліктерін игерту. Қызығушылықтарын тудыру. Эстетикалық тәрбие беру.</p>	<p><b>Музыка</b> Күй тыңдау: «Гойбастар»Дина Ән үйрену: «Сабантой» Е.Хасанғалиев Би: «Көкпар» қазақ ұлттық ойыны <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b>Дәмді тағамдар <b>Мақсаты:</b>Пешке пісірілген тағамдарды: Тандыр нан, тоқаштар және мөлшерлі бүктемелер мүсіндеуді үйрету. Нанды және егін егуші еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу <b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b>Астық жинау <b>Мақсаты:</b>(Түрлі түсті қарындаштармен) Сопакша, дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету.Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. <b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b>Нан тағамдары <b>Мақсаты:</b>Тік төрт бұрыштарды қию, көлеміне, пішініне қарай орналастыру. Жолақшалар қиып, әсемдеу. Тазалыққа баулу. <b>Музыка</b> Ән тыңдау:«Күз» (Қ Шілдебаев) Ән салу: «Жау жау жаңбыр!» (Дүйсекеев К.) Музыкалық ырғақты кимыл: «Күзгі жапырақтар» ( «Вальс»П.И Чайковский).</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің туған күнім» <b>Мақсаты:</b>Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. Туған күн қуанышы туралы түсінік беру, өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>

Өтпелі тақырып:«Қош келдің алтын күз!» II-апта тақырыбы:Дұрыс тамақтанайық

**Мақсаты:**Салауатты өмір салтын сақтаудағы дұрыс тамақтанудың маңыздылығын және қажеттілігін білу. Дәрумендердің адам денсаулығы үшін қандай пайдасы бар екенін үйрету.

<p style="text-align: center;">II-апта «Дұрыс тамақтанайық»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> Арақашықты-ғы 1 метр сызықтар мен жіңішке тақтайшалар-ды аттап және заттардың арасынан «жылан» жүрісімен ирелеңдеп жүру, жүгіру. К/О: «Аралар мен аю»</p> <p><b>Денешынықтыру</b> Орындықта отырып башпайлары-мен затты қысып ұстап, оны жоғары көтеру, төмен түсіру. Оң қолмен құм дорбасын алысқа лақтыру.К/О: «Ұядағы торғайлар»</p> <p><b>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b> <b>Тақырыбы:Саңырауқұлақтар туралы не білемін?</b> <b>Мақсаты:</b>Саңырауқұлақтардың әртүрлері туралы білімдерін кеңейту. Жеуге жарамды және улы саңырауқұлақтар-ды ажырата білуге үйрету.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b> «Ғ дыбысы мен әрпі» <b>Мақсаты:</b>Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және жеке айту. Сөздегі дыбыстарды (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дыбыстарды) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, «Ғ, ғ» әріп элементтерін жазу. <b>Сауат ашу негіздер</b> <b>Тақырыбы:</b> «Р дыбысы мен әрпі» <b>Мақсаты:</b>Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау Балаларды адамгершілік сезімге тәрбиелеу Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:Жомарт күз</b> <b>Мақсаты:</b>Балалардың күз мезгілінің ерекшелігін бақылату арқылы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін кеңейту, қоршаған ортадағы табиғат өзгерістері, күзгі адамдар еңбегі туралы тапсырмаларды орындау арқылы ойларын грамматикалық формада жеткізіп және байланыстырып сөйлеуге төселдіру. <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:«Күз жомарт»(өлең ) Ермек Өтетілеуұлы</b> <b>Мақсаты:</b>Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықтыру; күз байлығы, оның алуан түрлілігі туралы айтып, өлеңді дауыс ырғағын келтіре оқып жеткізу; күз байлығы адамдардың еңбегімен келетінін ұғындыру, оны бағалай білуге тәрбиелеу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема:</b> «Правильное питание.Витамины» <b>Цель:</b> Умение правильно питаться уметь отличать полезные и вредные продукты. Формировать представления о зависимости здоровья от правильного питания. Развивать внимание, память речь, обогащать словарный запас.Воспитывать желание быть здоровым.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b>«Зсаны мен цифры» <b>Мақсаты:</b> 3 саны мен цифрымен таныстыру.цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету. Балалардың зейін мен логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b>«Себетке саңырауқұлақ саламыз» <b>Мақсаты:</b> Саңырауқұлақ-тың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, томарқұлақ, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлақ, терекқұлақ) және улытүрлері(шыбынжұт, боз арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру. Балаларғасаңырауқұлақ тар-дың түр-түсі мен атауларын үйрету. Табиғатты аялай білуге баулу.</p>	<p><b>Музыка</b> Ән тыңдау: «Салауат» М.ОразалиеваДауыс жаттығуы: «Күзгі жел»Сарыбаева Т. Ән үйрену: «Жемістердің пайдасы» Ә.ҚонысбековМузыкалық-ырғақты қимыл:«Егіндерді жинаймыз» Филипенко. (Әннің аудармасы) <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы:</b>Жемістер (алма, алмұрт) <b>Мақсаты:</b>Пішінді мүсіндеудің басу, қысу, жалпақтау әдістерін пайдалана отырып, балаларды әртүрлі пішінді жемістерді мүсіндеуге үйрету. <b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы:</b>Бақта алма пісті <b>Арман ПВ-11 бет</b> (Акварель бояуымен) <b>Мақсаты:</b>Терек бұталарына үлкен және кіші алма суретін салуға үйрету, таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. <b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b>«Саңырауқұлақ» <b>Мақсаты:</b> Саңырауқұлақтың пішінімен түсін ажыратқыза отырып жарты шеңбер бойымен саңырауқұлақтың қалпағын және сопақша қылып қиып жапсыруға үйрету. <b>Музыка</b> Ән тыңдау: «Салауат» М.Оразалиева Дауыс жаттығуы: «Күзгі жел» Сарыбаева Т. Ән үйрену: «Жемістердің пайдасы» Ә.Қонысбеков Музыкалық-ырғақты қимыл: «Егіндерді жинаймыз» Филипенко. (Әннің аудармасы)</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Менің сезімдерім» <b>Мақсаты:</b>Адамның сезімдері, оның адамға тигізетін әсері туралы түсінік беру. Адамның сезімдері туралы түсінік беру, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамыту, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Қалай дұрыс тамақтану керек? <b>Мақсаты:</b> Балаларды дұрыс тамақтану мәдениеті және ережелерімен таныстыру. Күнделікті өмірде дұрыс тамақтану ережелерін сақтауға баулу. Азық-түлік сапасын оның түсіне, иісіне, пішініне қарай ажырата білуді үйрету. Кез келген асты құрметтеуге тәрбиелеу.</p>
	<p style="text-align: center;"><b>Өтпелі тақырып:«Қош келдің алтын күз!» III-апта тақырыбы: Менің қалама күз келді.</b> <b>Мақсаты:</b>Табиғаттың күз мезгіліндегі өзгерістері жайлы балалардың білімдерін кеңейту. Күз мезгілінің берекелі екенін айтып, түсінік беру, ойлау қабілеттерін дамыту.</p>				

<p style="text-align: center;">Ш-апта. «Менің қалама күз келді»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> 3-4 кедергілер арасынан ирелендеп еңбектеу, жүгірумен алмастыру. Биіктігі 25 см доға астынан еңбектеп өту. Екі тізенің ортасына құм дорбасын қысып, бір орынан алға секіру. Қ/О: «Түлкілер мен тауықтар»</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> Бір – біріне қарсы тұрып, кеуде тұсынан допты баскетбол тәсілімен лақтыру. Қ/О: «Шортан мен табандар»</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> Аяқтан – аяққа ауысып орнында тұрып, алға секіру. Башпайларымен затты қысып ұстап, оны оңға, солға қою орнынан жылжыту. Шығыр-шықты айналдыру. Қ/О: «Допты алысқа лақтыр».</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы: «О дыбысы мен әрпі»</b> <b>Мақсаты:</b>Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз бен сөйлемді ажыратып, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну. Педагогтің сұрақтарына толық, анық жауап қайтару. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу <b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы: «Қ дыбысы мен әрпі»</b> <b>Мақсаты:</b>Сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып, дұрыс дыбыстау. Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Суреттер бойынша тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріп, әңгіме құрастыру. Жазу жолына Қ әрпінің элементтерін жазу. <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:Бау - бақшада</b> <b>Мақсаты:</b>Бау – бақша туралы әңгімелеу, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Қызығушылықты дамыту, қамқорлыққа тәрбиелеу. <b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:«Шаруа мен аю»</b> <b>Мақсаты:</b> Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға қызығушылықтарын ояту. Өз ойын қиялмен ұштастыра отырып, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуге үйрету. Әртістік қабілетін тәрбиелеу. <b>Орыс тілі</b> <b>Тема: «Здравствуй, Осень золотая!»</b> <b>Цель:</b> Формировать знания и представление детей о сезонных изменениях в природе, познакомить с характерными признаками осени. Продолжить развивать понимание русской речи, учить называть овощи и фрукты на русском языке. Закрепить правильное произношение гласных звуков в чистоговорках. Воспитывать интерес к занятиям по русскому языку.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы: «4 саны және цифры.</b> <b>Мақсаты:</b> 4 саны мен цифрымен таныстыру.цифр мен заттың санын сәйкестендіре білуге үйрету;заттарды санауға машықтандыру;4 цифрын тануды және дұрыс суреттеуді үйрету. Балалардың зейін мен логикалық ойлау қабілетін дамыту. <b>Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:Қандай өсімдіктің емдік қасиеті бар?</b> <b>Мақсаты:</b>Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбіртүрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінікқалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, оларды тану қабілеттерін дамыту.Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. <b>Құрастыру</b> <b>Тақырыбы: «Ағаш»</b> <b>Мақсаты:</b>Табиғаттағы тіршілік,ауладағы ағаштар туралы білімдерін кеңейту,шаршы қағаздардан қиғаш және тең екі бөлікке бүктеуді үйрету. Балалардың қол икемділігін арттыру,табиғи материалдармен жұмыс жасауға дағдыландыру. Ағаштарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b> Ән тыңдау: «Атырау-арман» Б.Қошаманов Ән үйрену: «Көңілді балалар» Б.Дәлденбай Ән айту: «Күз-жомарт» Д.Ботбаев Әуенді-кимылды қозғалыс:Қамажай <b>Мүсіндеу</b> <b>Тақырыбы: Күзгі жапырақ.</b> <b>Мақсаты:</b>Балаларға ермексазды пайдалану, жапырақты мүсіндеп үйрету. Ой-өрісін, ойлау қабілетін, қол икемдерін дамыту. Балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу. <b>Сурет салу</b> <b>Тақырыбы: Күз сыйлықтары (Шикүла және К 14 б.)</b> <b>Мақсаты:</b>Түрлі түсті қарындашты пайдалана отырып, затқа қарап сурет салуға үйрету, әсемдікті дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <b>Жапсыру</b> <b>Тақырыбы: Күнбағыс</b> <b>Мақсаты:</b>Қағазды бірнеше бүктеп дөңгелек, сопақша қиюға үйрету, қайшымен дұрыс жұмыс жасауды қалыптастыру. <b>Музыка</b> Ән тыңдау: «Атырау-арман»Б.Қошаманов Ән үйрену: «Көңілді балалар» Б.Дәлденбай Ән айту:Күзжомарт Д.Ботбаев Әуенді-кимылды қозғалыс:Қамажай</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b> <b>Тақырыбы: Мен қамқор баламын.</b> <b>Мақсаты:</b> «Қамқорлық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін ашу. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, қамқорлық жасай білуге дағдыларын дамыту, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.</p>
---	--	--	---	---	---

**Өтпелі тақырып: «Қош келдің алтын күз!» IV-апта тақырыбы: Ағаштар мен бұталар**

**Мақсаты:** Күзгі табиғатты бақылау кезінде қарапайым өзгерістерді атай білуге және өздерінің сезімдері туралы әңгімелеуге үйрету. Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа бөлу.

<p align="center">IV-апта «Ағаштар мен бұталар»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>                  Өкше мен аяқтың ұшымен, табанмен еденді толық басып жүру, өкшемен ширақ айналу. 3-4 м қашықтықты көз жұмып жүріп өту. Тепе – теңдік сақтап, гимнастикалық орындық үстімен допты сол жағымен еденге соғу.</p> <p><b>Денешынықтыру</b>                  Жерде жатқан арақашықтығы 50 см жіптерден екі аяқпен оң, сол бүйірмен секіру, жүру. Допты оң, сол қолмен жерге соғу. Теннис добын қалақшамен соғып ыршыту. Қ/О: «Қасқыр қақпан».</p> <p><b>Қауіпсіз мінез-құлық негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Күн, ауа және су – біздің ең жақсы достарымыз. Табиғи факторлардың көмегімен шынығудың ережелері мен маңызы.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды табиғи факторлардың, алуан түрлі жаттығулардың көмегімен ағзаны шынықтыру ережелерімен таныстыру. Мәдени – гигиеналық дағдыларды жетілдіру, салауатты өмір салтын, өз денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «М дыбысы мен әрпі»  <b>Мақсаты:</b> Сөзді буынға бөлу, сөздегі буын санын және орналасу ретін анықтау. Сөз/сөйлем сызбасын оқу. Берілген мысалдар арқылы М дыбысын ажыратады, М әрпінің баспа түрін табады. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу.</p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Б дыбысы мен әрпі  <b>Мақсаты:</b> Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін жазу</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Мақсаты:</b> Е. Елубаев «Күзде» (Шикүла және К 19 бет.)  <b>Тақырыбы:</b> Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға жатықтыру. Дұрыс сөйлеуге, әр дыбысты қатесіз айтуға дағдыландыру. Сөздік қорларын дамыту.</p> <p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> Үш қыз (ертегісі)  <b>Мақсаты:</b> Ертегіні балаларға таныстыру, мазмұнын ашу, кейіпкерлердің тағдырына балаларды ортақтастыру арқылы олармен бірге қуанып, армандап, ізгілік пен ерсілікті айыра білуге үйрету. Адамгершілікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Орыс тілі</b>  <b>Тема:</b> «Деревья и кустарники»  <b>Цель:</b> Воспитывать интерес к миру растений. Развивать речь детей, обогащать активный словарь (название деревьев, кустарников, частей объекта). Учит выделять общие существенные признаки деревьев и кустарников (корень, лист) и различия (у дерева один ствол, а у кустарника много).</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> 1 ден 5-ке дейінгі сандар. Тура және кері санау.  <b>Мақсаты:</b> 5-ке дейін санау қабілетін күшейту; реттік санау дағдысын қалыптастыру. Геометриялық фигуралардың атаулары туралы білімін пысықтау, талдау және салыстыра алу қабілетін арттыру. Реттілікті сақтай білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жаратылыстану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Ағаштан бұтаның қандай айырмашылығы бар?  <b>Мақсаты:</b> Ағаш және бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету. Өзінің өлкесінде өсетін ағаш, бұта және шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p>	<p><b>Музыка</b>                  Тыңдау: Сарыжайлау Құрманғазы. Дауыс жаттығуы: «Жаңбыр»                  Өн салу: «Карылғаш» Қ.Шілдебаев.                  Музыкалық ырғақты қимыл; «Күзгі жапырақтар биі»  <b>Мүсіндеу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Бидай масақтары  <b>Мақсаты:</b> Кесек ермексиздан бидай масақтарын мүсіндеуді үйрету, шымшу, есу, басу тәсілдерін қолдану. Эстетикалық талғамды тәрбиелеу  <b>Сурет салу</b>  <b>Тақырыбы:</b> Алтын күз Арман ПВ-15 бет (Акварель бояуымен)  <b>Мақсаты:</b> Күз туралы түсініктерін бекіту, бояумен күзгі ағаш бейнесін салуға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу, ағаштардың пайдасы туралы түсінік дамыту.  <b>Жапсыру</b>  <b>Тақырыбы:</b> Күзгі ағаш  <b>Мақсаты:</b> Ағаш бұтасының бейнесіне сары түсті қағазды жырту арқылы жапсыру, саусак моторикасын дамыту.</p> <p><b>Музыка</b>                  Тыңдау: «Сарыжайлау» Құрманғазы. Дауыс жаттығуы: «Жаңбыр»                  Өн салу: «Карылғаш» Қ.Шілдебаев.                  Музыкалық ырғақты қимыл; «Күзгі жапырақтар биі»</p>	<p><b>Өзін-өзі тану</b>  <b>Тақырыбы:</b> Мен осындай адаммын.  <b>Мақсаты:</b> Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру. Адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту, бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.  <b>Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Нан дастарханға қалай келеді?»  <b>Мақсаты:</b> Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелеу. Діқан мен наубайшылардың еңбегі туралы түсіндіру. Діқаншы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға, ысырап жасамауға, үлкен-дердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу</p>
---	---	---	--	--	--

**Қараша айы Өтпелі тақырып: «Тірі және өлі табиғат» I-апта тақырыбы: «Құстар біздің досымыз» (үйрек, қаз, күркетауық, қарға, сауысқан, торғай, көгершін).**

**Мақсаты:** Қыстап қалатын және жылы құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру, оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету. Құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету, құстардың қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарды бөліп жіктей алу. Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қыста қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

